



Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстар, орындаушылар мен кәсіби шеберліктің республикалық конкурстарын өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 668 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 18 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5100 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы N 99 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.03.13 N 99 бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 29 тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды өткізу ережесі;
- 2) Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жарыстарды өткізу ережесі;
- 3) Орындаушылардың республикалық конкурстарын өткізу ережесі;
- 4) Кәсіби мамандардың республикалық конкурстарын өткізу ережесі бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім департаменті (М.Т. Санатова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бірнеше бұйрықтарының күші жойылды деп есептелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Министрдің

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі
міндетін атқарушының

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды өткізуді ұйымдастырудың ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды өткізу ережесі (бұдан әрі - Олимпиада) жалпы білім беретін пәндер бойынша жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын белгіленген тәртіппен іске асыратын барлық білім беру ұйымдары оқушыларының республикалық олимпиадасының мақсаттары мен міндеттерін, оны өткізу тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: ғылыми білімді насихаттау және оқушылардың ғылыми қызметке қызығушылығын дамыту, дарынды балаларды анықтау үшін қажетті жағдай тудыру, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, Қазақстан Республикасында білім берудің беделін көтеру.

2. Олимпиада кезеңдері

3. Олимпиаданы оқу жылы бойы тиісті білім бөлімі бес кезеңде өткізеді: Білім беруді басқару органы білім беру ұйымдарында, аудандық (қалалық), облыстық (Астана және Алматы қалалары үшін - қалалық), республикалық ұйымдастыру комитеттерін құрады.

1) Бірінші кезең - білім беру ұйымдарында. Өтетін уақыты - қараша айы. Олимпиада облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерінің дайындаған тапсырмалары бойынша өтеді.

2) Екінші және үшінші кезеңдер - аудандық (қалалық) және облыстық, Астана және Алматы қалаларының, мемлекеттік және мемлекеттік емес халықаралық білім беру ұйымдарының олимпиадаларын облыстық, Астана және Алматы қалаларының департаменттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрығымен белгіленген мерзімде (бұдан әрі - Әдістемелік кеңес) дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Әр кезеңді өткізуден бір ай бұрын облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім департаменттері әрбір пәннен және сыныптардан оқытылу тілдері бойынша қатысушылар санын көрсетіп, әр қатысушыға олимпиада материалдарын дайындау үшін сұраныстар жібереді.

3) Төртінші кезең - республикалық олимпиадаға дайындық деңгейі ең жоғары

оқушыларды іріктеп алу мақсатында өткізілетін іріктеу кезеңі (үшінші кезеңнің қорытындылары бойынша өткізіледі). Іріктеу кезеңіне әр сынып және пән бойынша үшінші кезең жүлдегерлерінің қазылар алқасы үздік деп таныған үш үздік жұмыс жіберіледі.

Осы кезеңнің тапсырмасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) бекіткен Әдістемелік ұсынымдамаларына сәйкес үшінші кезеңнің параметрлері және өлшемдері және тапсырмалары бар пакетке салынған бағалау өлшемдері бойынша бағаланады. Осы жұмыстарды бірыңғай шарттармен тексергеннен кейін қазылар алқасы әр пән және әр сынып бойынша бесінші кезең қатысушыларын анықтайды

4) Бесінші кезең - республикалық олимпиада Министрліктің бұйрығымен белгіленген мерзімде өткізіледі. Соңғы кезең үшін тапсырмаларды әдістемелік кеңес әзірлейді.

4. Олимпиада өткізілетін жалпы білім беретін пәндер тізбесі және өткізу уақыты, қатысушылар саны жыл сайын Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

3. Олимпиадаға қатысушылар

5. Олимпиаданың бірінші және екінші кезеңдеріне жалпы орта білім беру ұйымдарының 8-11 сынып білім алушылары қатысады.

Орыс тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша ұлты қазақ оқушылар қатыса алмайды.

Олимпиаданың үшінші кезеңінде 8-11 сынып оқушылары (екінші кезеңнен іріктеліп алынған ең үздік үш қатысушы, Астана қаласы үшін алты қатысушы), сондай-ақ республикалық ұйымдастыру комитеті ұсынған ұсынымдамаға сәйкес сырттай оқытатын мектептердің олимпиада жеңімпаздары қатысады.

Тиісті деңгейдегі білімі бар орта буын оқушылары жоғары сыныптардың бағдарламалары бойынша олимпиадаға қатысуға жіберілуі мүмкін.

6. Олимпиаданың үшінші кезеңін өткізу нәтижесі бойынша Республикалық олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі - республикалық ұйымдастыру комитеті) өткен жылдардың олимпиада қорытындыларын және үшінші кезеңге қатысушылардың санын ескере отырып ұсынған жұмыстардың санын көбейтуге құқығы бар.

Жіберілген жұмыстар үшінші кезеңге қатысушылар тапсырмамен бірге алатын талаптарға сәйкес ресімделуі тиіс. Осы жұмыстарды бірыңғай өлшемдер бойынша тексергеннен кейін қазылар алқасы әр сынып және пән бойынша олимпиаданың бесінші кезеңінің қатысушыларын анықтайды.

7. Олимпиаданың бесінші кезеңіне жаратылыстану-математика пәндері бойынша 8-11 сынып оқушылары және гуманитарлық пәндер бойынша 8-11

сынып оқушылары, сырттай оқытатын олимпиадалық резерв мектебінің оқушылары, сондай-ақ»"Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдері қатыса алады.

8. Республикалық олимпиадаға қатысатын облыстар, Астана және Алматы қалаларының командаларын ең үздік мамандар, әдіскерлер, сондай-ақ пән мұғалімдері басқарып келу, олимпиада барысында олимпиадаға қатысушыларды даярлау жөнінде тәжірибе алмасу, жалпы білім беретін пәндерді оқыту проблемалары жөнінде өткізілетін пікір алмасуларға, семинарларға қатысады.

Жетекші олимпиадаға қатысушыларды олимпиада өтетін жерге алып келу және тұратын жеріне алып қайту жолында, олимпиада барысында толық жауапкершілікте болады.

4. Олимпиаданың жұмыс органдары

9. Министрліктің бұйрығы негізінде олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін Республикалық ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі - республикалық ұйымдастыру комитеті). Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі, тиісті құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері кіреді.

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі республикалық ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып табылады. Құпиялықты сақтау үшін ұйымдастыру комитетінің төрағасы олимпиаданың тапсырмалары мен талаптарын бекітеді.

11. Олимпиаданың республикалық ұйымдастыру комитеті:

- 1) олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізудің жалпы тәртібін анықтайды;
- 2) олимпиадаға тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 3) олимпиаданы өткізудің қажетті ғылыми-әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету үшін пәндер бойынша әдістемелік комиссияларды қалыптастырады;
- 4) ғылым негіздері бойынша пәндік қазылар алқасы мүшелерінің құрамы және саны жөнінде Министрлікке ұсыныс береді;
- 5) республикалық олимпиаданың қорытындысын талдайды және қорытындылайды, Министрлік алқасының бұйрығы мен шешімінің жобасын дайындауға қатысады;
- 6) олимпиада материалдарын баспасөзде жариялайды.

12. Олимпиаданың бірінші-үшінші кезеңдеріне басшылық жасауды жүзеге асыру үшін мектептік, аудандық, облыстық (қалалық) ұйымдастыру комитеттері құрылады. Олардың құрамын тиісті білім беруді басқару органдары бекітеді.

13. Құрамына пәндік қазылар алқасының төрағалары кіретін Әдістемелік кеңес :

1) олимпиаданың екінші, үшінші және бесінші кезеңдерінің теориялық және эксперименттік тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді;

2) олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу жөнінде әдістемелік ұсыныс әзірлейді ;

3) әр пән бойынша олимпиаданы өткізу нысанын, тапсырмалардың үлгісін және бағалау өлшемдерін анықтайды.

5. Олимпиаданың қазылар алқасы

14. Республикалық олимпиаданың пәндік қазылар алқасы төраға, хатшы және қазылар алқасының мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының саны пәнге байланысты 5-6 адамнан құралады.

Олимпиаданың төрағасы мен қазылар алқасының құрамын Республикалық ұйымдастыру комитетінің ұсынысы бойынша Министрлік бекітеді. Олимпиаданың қазылар алқасының төрағасы мен мүшелері олимпиаданың алдыңғы өткен кезеңдеріндегі қазылар алқасының құрамына кіруіне құқы жоқ.

Қазылар алқасы құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, аспиранттар, бұрын халықаралық және республикалық олимпиадалардың жүлдегері болған студенттер, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және жоғары білікті білім беруді басқару органдарының өкілдері енеді. Қазылар алқасы құрамына оқушылары олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңіне қатысатын мұғалімдердің кіруге құқығы жоқ.

15. Олимпиаданың төртінші, бесінші кезеңінің қазылар алқасының төрағалары :

1) Әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып олимпиаданың екінші, үшінші және бесінші кезеңдерінің теориялық және эксперименттік тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді және құрады;

2) орыс тіліндегі тапсырмалардың қазақ тіліне дәлме-дәл аудармасына, берілген тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, міндеттердің нақтылығына және олардың олимпиаданың тиісті кезеңі талабына сәйкестігіне жауап береді ;

3) тиісті кезеңдері өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығына жеке жауап береді ;

4) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдері бойынша ұсыныс және пәндік олимпиаданың регламенттерін (турлардың саны және бағытын, әрбір турдың ұзақтығын, қажетті құралдардың тізбесін және т.б.) әзірлеу жөніндегі қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;

16. Олимпиаданың қазылар алқасы:

1) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды үшінші және бесінші кезең тапсырмаларының авторлық шешімімен және жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

2) қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

3) жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды беру үшін Республикалық ұйымдастыру комитетіне ұсыныс береді;

4) олимпиадаға қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді;

5) олимпиадалық резерв мектебіне оқушыларды қабылдау жөнінде ұсыныс енгізеді;

6) республикалық ұйымдастыру комитетімен бірлесе отырып, оқу дайындық жиынының, «Дарын» бейіндік мектебінің олимпиадалық ауысымының қатысушылары құрамын анықтайды.

6. Үйлестіруді жүргізу тәртібі

17. Жұмыстарды бағалауда барынша әділдікті қамтамасыз ету үшін әрбір турдан соң олимпиадаға қатысушылардың барлығымен тапсырмалар талқыланады. Тапсырмаларды талқылаудан кейін қатысушылардың тілегі бойынша жұмыстарды үйлестіру жүргізіледі. Үйлестірудің мақсаты - жұмыстарды бағалауда олимпиадаға қатысушылар мен қазылар алқасының мүшелері арасында толық өзара түсіністікке қол жеткізу болып табылады.

18. Үйлестіруді қазылар алқасының төрағасы, тапсырманы бағалаған қазылар алқасының мүшесі тікелей олимпиадаға қатысушымен өткізеді.

19. Олимпиадаға қатысушы қазылар алқасының бағасымен келіспеген жағдайда, ол ұйымдастыру комитетінің төрағасына шағым айтуына болады, төраға үйлестіруге бөлінген мерзімде мүшелер қатарынан осы мәселені шешу жөніндегі тиісті комиссия құруға құқылы.

20. Іріктеу кезеңінің жұмыстарын үйлестіру 10 күн ішінде өткізіледі. Бесінші кезеңге өтпеген оқушыларға үшінші кезең жұмыстарының рецензиясы беріледі.

7. Олимпиадаға қатысушыларды марапаттау

21. Олимпиаданың ашылуы, қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау салтанатты және мерекелік жағдайда өтеді.

22. Мектептік, аудандық және облыстық (қалалық) олимпиадалардың жүлдегерлері білім беру саласындағы жергілікті өкілетті және атқарушы

органдарының дипломдарымен, грамоталарымен және сыйлықтарымен марапатталады.

23. Республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары пәндік қазылар алқасының шешімімен әр пән және сынып бойынша бірінші, екінші, үшінші дәрежелі дипломдармен, грамоталармен, сондай-ақ арнайы және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Әр пән және сынып бойынша алты жүлделі орын тағайындалады, ерекше жағдайларда, алтыншы нәтиже көрсеткен жүлдегермен бірдей ұпай алған қатысушыларға қазылар алқасы төрағасының ұсынысымен және республикалық ұйымдастыру комитеті төрағасының шешімімен қосымша жүлделі орын берілуі мүмкін.

24. Оқушылары жүлделі орынды иеленген мұғалімдер, жалпы білім беретін ұйымдардың оқытушылары, сондай-ақ республикалық олимпиаданы дайындау және өткізуде белсенділік танытқан білім беру ұйымдарының қызметкерлері Министрліктің құрмет грамотасымен және медальдарымен марапатталады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды өткізу ережесі
1-қосымша

Республикалық олимпиадалар өтетін жалпы білім беретін пәндер

1. Қазақ тілі және әдебиеті
2. Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі
3. Орыс тілі және әдебиеті
4. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі
5. Қазақстан тарихы
6. Құқықтық пәндер негіздері
7. Ағылшын тілі
8. Неміс тілі
9. Француз тілі
10. Математика
11. Информатика
12. Физика
13. Химия
14. Биология

17. Өзбек тілі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2007 ж ы л ғ ы » 28 ж е л т о қ с а н
N 668 бұйрығымен бекітілген

Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жарыстар өткізу

ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жарыстар (бұдан әрі - Жарыстар) ғылым мен техника бойынша Халықаралық жарыстар (Intel International Science and Engineering Fair (бұдан әрі - Intel ISEF)) жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) өткізеді.

2. Жарыстардың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- 2) ой еңбегінің беделін арттыру;
- 3) ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;
- 4) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

3. Республикалық жарыстар төрт кезеңде өтеді:

- 1) бірінші кезең - мектептік, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында өткізіледі;
- 2) екінші кезең - облыстық (Алматы және Астана қалаларының мектептері мен республикалық мектептері жарыстары мәртебесі жағынан облыстық жарыстармен теңестіріледі);
- 3) үшінші кезең - іріктеу кезеңі екі турда өтеді:
бірінші тур - бейіндік пән бойынша тестілеу;
екінші тур - жобаны алдын ала сараптау;
- 4) төртінші (қорытынды) кезең - республикалық.

4. Жарыстардың бірінші кезеңін өткізу мерзімі облыстық, Астана және Алматы қалалары білім департаменттерінің бұйрықтарымен белгіленеді. Жарыстардың екінші-төртінші кезеңдері Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрінің (бұдан әрі -Министр) бұйрығымен белгіленген мерзімде өткізіледі.

2. Ғылыми жарыстарға қатысушылар

5. Ғылыми жарыстардың бірінші кезеңіне оқушылардың ғылыми қоғамдарының немесе ғылыми жетекшілерінің ұсынуымен 8-11 сынып оқушылары қатыса алады. Зерттеу жұмысын екі оқушыдан артық орындауға болмайды.

6. Екінші кезеңге бірінші кезең жүлдегерлері қатысады, олар ғылыми жетекшінің пікірін және ілеспе құжаттарды (өтінім, мектептің есебі, зерттеу ж у р н а л ы) ұ с ы н а д ы .

Зерттеу жұмыстарының тақырыптары тиісті жылдағы 20 қыркүйектен кешікпей тіркелуі керек.

7. Жарыстардың үшінші кезеңіне қатысуға үміткерлер - облыстық, Астана, Алматы қалалары және республикалық мектептері жарыстарының жүлдегерлері, сондай-ақ Кіші Ғылым Академиясының, "Жас ғалым" республикалық мектебінің ғылыми-практикалық конференцияларының жеңімпаздары болады және әр секция бойынша бір зерттеу жұмысынан ғана қатыса алады.

8. Сараптамалық комиссия осы Ережеде мазмұндалған талаптарға сәйкес іріктеу кезеңінде ұсынылған зерттеу жұмыстарын сараптамадан өткізгеннен кейін әр секция бойынша ғылыми жарыстың төртінші кезеңінің қатысушыларын анықтайды.

3. Жарыстардың сараптау комиссиясы

9. Әр секцияның сараптау комиссиясының құрамына ғылымның осы бағыты бойынша кемінде бес ғалым (маман) кіреді. Сараптау комиссияның құрамы ғылыми жарыстардың тиісті кезеңін ұйымдастыратын ұйымның бұйрығымен бекітіледі.

10. Іріктеу кезеңінің комиссиясы осы ереженің 2-қосымшасында көрсетілген бағалау өлшемдері бойынша зерттеу жұмыстарын қарап, әрбір жобаны рецензиялайды және республикалық кезеңге қатысушыларды анықтайды.

4. Ғылыми жарыстардың үшінші, төртінші кезеңдерін өткізу

11. Үшінші кезең екі турда өткізіледі:

бірінші тур - бейіндік пәндер бойынша тестілеу. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары жарыстарының жүлдегерлері үшін, екінші кезеңнің қорытындылары хабарланғаннан соң сынып пен тиісті секцияға сәйкес осы пәнді

тереңдетіп оқыту бағдарламасы бойынша бейіндік пәннен тестілеуден өткізіледі.

Әдістемелік кеңес дайындаған тестер орындауға 2 астрономиялық сағат берілетін 60 сұрақты (120 балл) қамтиды.

Алдын ала сараптауға авторлары тестілеудің жалпы ұпай санынан 50%-дан төмен емес ұпай жинаған жұмыстар ғана жіберіледі. Іріктеу кезеңінің қорытындыларын өткізуде тестілеуде алған ұпайлар қосылмайды.

Командалық жұмыстары үшін өту ұпай саны жұмыс авторлары жинаған балдардың орташа арифметикалық саны болып табылады.

Екінші тур - іріктеу кезеңінің сараптама комиссиясы жүргізетін жұмыстардың алдын ала сараптамасы.

12. Төртінші кезеңге қатысушылардың тізімін Министрлік бекітеді және бекітілгеннен кейін үш күн ішінде облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім департаменттерінің назарына жеткізіледі.

Іріктеу кезеңінің қорытындылары бойынша апелляция өткізілмейді.

13. Төртінші кезең - зерттеу жұмысын қорғау және осы Ереженің 6-тарауының талаптарына сәйкес ресімделген стенд материалын ұсыну. Жұмысты қорғау кезінде авторға (біріккен авторларға) баяндама үшін 10-15 минут беріледі.

Жарыстардың қорытындылары жұмыстардың алдын ала сараптауда алынған балдарын есепке ала отырып шығарылады.

Республикалық кезеңнен кейін апелляция жүргізілмейді.

5. Жарыстарға ұсынылатын зерттеу жұмыстарын ресімдеуге қойылатын талаптар

14. Ғылыми жарыстарға:

1) ғылымның осы саласындағы фактілерді, оқиғаларды, құбылыстары жария ететін және бұрын танылмаған жекелеген қырларын;

2) мектеп тәжірибелерін жетілдіруге, өндірістік үрдістерді тиімділігін арттыруға ықпал ететін практикалық міндеттерді шешуге жаңалықтар әкелетін аппараттардың, модельдердің, құралдардың конструкцияларын;

3) әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған экономикалық-заңды негізделген компьютерлік модельдер және жобалар ұсынылуы мүмкін;

4) кәметке толмағандар үшін рұқсат етілмейтін аспаптар пайдаланған жағдайда, жануарларға қатігездік көрсетілетін, адам денсаулығы және жануарлар үшін зиян келтіретін заттарды (улы, радиоактивтік, канцорегендік және мутагендік әсері бар зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар, адам және жануарлар үшін патогенді немесе шартты патогенді заттар микроағзалар,

вирустар, ішімдік, никотин) пайдалануға байланысты тәжірибелері бар жұмыстар жіберілмейді;

5) Жарыстарда бұрын қаралған және қорғалған жұмыстар жарыстарға қатысуға жіберілмейді.

15. Зерттеу жұмыстарын ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) жұмыс мәтіні компьютерде басылуы керек және мынадай құрылымнан тұрады:

т и т у л п а р а ғ ы ;
м а з м ұ н ы ;

абстракты (аннотация) қазақ немесе орыс тілдерінде (зерттеу жұмысының қай тілде дайындалғанына байланысты), сондай-ақ ағылшын тілінде жазылады;

к і р і с п е ;

з е р т т е у б ө л і м і ;

қ о р ы т ы н д ы ;

пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

2) титул парағында мыналар көрсетіледі:
жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;
автордың (біріккен автордың) тегі, аты, сыныбы;

ж ұ м ы с т ы ң а т а у ы ;

жұмыстың дайындалған бағыты, секциясы;

жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты;

қаласы (жарыстың өтетін жері), жылы;

3) абстракт (аннотация) (250 сөзден артық емес):

з е р т т е у д і ң м а қ с а т ы н ;

г и п о т е з а с ы н ;

кезеңдерін, зерттеудің рәсімін;

тәжірибенің әдістемесін;

зерттеудің жаңалығын және дербестік дәрежесін;

жұмыстың нәтижесін және қорытындысын;

нәтижелерді практикалық қолдану салаларын қамтитын зерттеу жұмысының қысқаша мазмұнын білдіруі керек;

4) кіріспеде (екі беттен артық емес) мыналар келтіріледі: зерттеулердің таңдалған тақырыптарының өзектілігін, осы жұмыстың мақсаты (міндеті), алға қойылған міндеттерді шешу әдісі қысқаша көрсетіледі;

5) жұмыстың зерттеу бөлімі (20 беттен артық емес) жеке тараулардан (параграфтардан) тұруы мүмкін және мына мазмұнда:

осы жұмысты жүргізудің қажеттілігіне көз жеткізу және оның мақсатын (міндетін) құрастыруға мүмкіндік беретін таңдалған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге талдама шолу жасау;

алға қойылған міндеттерді шешудің әдістерін сипаттау;
жұмыстың нәтижелері және оларды талқылау;
безендірілген материал (сызбалар, кестелер, фотосуреттер және суреттер т.б.)

;

6) пайдаланылған әдебиетке сілтемені төртбұрышты жақшада беру керек.
Мәтінде кездесетін сілтемелерде нөмірлеу жүйесі болуы керек;

7) қорытынды (бір беттен артық емес) жұмыстың негізгі нәтижелері және олардың негізінде жасалған қорытындыларын, жұмыстың нәтижелерін ғылыми және практикалық мақсаттарға пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қамтиды;

8) пайдаланылған әдебиеттер жұмыс соңында жалпы тізіммен мынадай т ә р т і п т е б е р і л е д і :

автордың тегі және қысқартылған аты-жөні;
мақаланың және журналдың аты (журналдық мақалалар үшін);

журналдың, кітаптың аты;

басып шығарылған орны және баспасы (кітаптар үшін);

басылған жылы, шығу нөмірі, беті;

9) әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа сіңірген жеке еңбегі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерін әрі қарай пайдалану жөніндегі ұсыныстары айтылатын жетекшінің пікірі қоса берілуі к е р е к ;

10) Жарыстардың төртінші кезеңіне (баяндамаға) 135x125 шаршы сантиметр көлемдегі стендке орналастыру үшін демонстрациялық материалдарды жасау ұсынылады.

16. Стендті ресімдеуге қойылатын талаптар:

стендтің жоғарғы жағына көлденеңінен абстракты, қатысушының тегін, жасын, мектебінің, қаласының, облысының атын орналастыру қажет;

стендтегі материалдар жұмыстың мазмұны айқындалған, кестелер, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар, қорытындыларды қоса алғанда талғаммен р е с і м д е л г е н б о л у ы к е р е к ;

мазмұнды дайындау кезінде негізінен назарды жоба авторының алған нәтижелерін көрсетуге аудару қажет.

17. Ғылыми жетекші алынған нәтижелердің нақтылығы мен мүлтіксіздігіне, жұмыстың диплом жұмыстарынан, магистрлік және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен көшірілген нәтижелерден тұрмайтындығына жауапкершілік алады. Оқушы жаңа білім мен өз бетінше зерттеу қызметінің дағдыларын ала отырып өз қолынан келетін жұмысты орындау керек.

6. Жеңімпаздарды марапаттау

18. Облыстық, Астана және Алматы қалалары жарыстарының жеңімпаздары, облыстық, Астана және Алматы қалалары білім департаменттерінің бұйрығы негізінде бірінші дәрежелі, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталады.

19. Ғылыми жарыстардың төртінші кезеңінде әр секциядан алтыдан артық емес үздік зерттеу жобалары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің бұйрығы негізінде бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Жалпы білім беретін пәндер
бойынша ғылыми жарыстар
өткізу ережесіне
1-қосымша

Республикалық ғылыми жарыстар өткізілетін пәндер

№	Бағыт	Пәндері
	Физика	физика
	Техника	физика
	Жер және космос туралы ғылымдар	физика
	Математика	математика
	Қолданбалы математика	математика
	Информатика	информатика, математика
	Экономика	география, математика
	Биология	биология
	Химия	химия
	Адам денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау	биология
	Тарих	тарих
	Құқық негізі	тарих, құқық негізі
	Өлкетану	География және тарих
	Әдебиет	әдебиет
	Этномәдениеттану	тарих, әдебиет
	Тіл білімі	қазақ, орыс, ағылшын, неміс тілдері

Жалпы білім беретін пәндер
бойынша ғылыми жарыстар
өткізу ережесіне
2-қосымша

" Қазақстан-2030" стратегиясын іске асыруда республиканың экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының модельдері"

атты республикалық жарыстарға ұсынылатын оқушылардың зерттеу жұмыстарын бағалау өлшемдері

Бағалана- тын өлшем	Мүмкін бағалар	Бағалау негіздемесі
1. Шығармашылық қабілеттілік	жеке жұмыс үшін 30 ұпай, командалық жұмыс үшін 25 ұпай	<p>Егер жұмыс автор(лар)ы проблеманы шешудің жаңа ғылыми тәсілін жасауда шығармашылық қабілеттілік танытса, жеке жұмыс үшін 25-30, командалық жұмыс үшін 20-25 ұпай қойылады.</p> <p>Егер автор(лар) мәліметтерді талдаудың жаңа қондырғылар жасау немесе жаңа тәсілін қолдануда шығармашылық қабілеттілік танытса, жеке жұмыс үшін 20-25, командалық жұмыс үшін 15-20 ұпай қойылады.</p> <p>Егер автор(лар) мәліметтерді өзінше түсіндіруде шығармашылық қабілеттілік танытса, жеке жұмыс үшін 10-20, командалық жұмыс үшін 10-15 ұпай қойылады.</p> <p>Егер жұмыс реферативті сипатта болса, 10 ұпайға дейін қойылады.</p>
2. Ғылыми ойлау	жеке жұмыс үшін 30 ұпай, командалық жұмыс үшін 25 ұпай	<p>Жекелеген өлшемдердің әрбірі жеке зерттеу жұмысы үшін 3 ұпай және командалық зерттеу жұмысы үшін 2,5 ұпай көлемінде бағаланады.</p> <p>Зерттеу жұмысы үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. қарастырылып отырған проблема қаншалықты айқын және нақты ұсынылған; 2. жоспарланған ғылыми нәтиже алу мүмкіндігі мол болуы үшін шешетін міндет қаншалықты айқын көрсетілген; 3. міндетті шешудің нақты жоспары бар ма; 4. міндетті шешуде ауыспалылықтар нақты анықталған ба; 5. автор нәтижелерді кезең-кезеңімен тексерудің қажеттілігін (егер ол қажет болса) көре алды ма және оны дұрыс қолданды ма; 6. қорытындыны нақтылау үшін мәліметтер сәйкес таңдалған ба; 7. автор(лар) мәліметтердің қорытынды үшін шектеулілігін мойындай ма; 8. автор (команда) қойылған мәселені шешуде осы жұмыс мүмкіндіктерінің шектелетінін сезіне ме; 9. автордың (команда) мәселені шешуге кепілдік беретін, зерттеудің келесі кезеңі турасында идеясы бар ма; 10. автор(лар) ғылыми әдебиеттерден немесе тек қана көпшілік әдебиеттерден дәйексөз келтіреді ме; <p>техникалық зерттеу жұмыстары үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. жұмыс мақсаты қаншалықты айқын; 2. жаңалықтың әлеуетті тұтынушылары бар ма;

		<p>3. нәтиже өмірде іске аса ма; 4. үнемді орындалған ба; 5. әлеуетті тұтынушыға тиімді ме; 6. нәтиже түпкілікті қойылған мәселені шешуде жетістікпен қолданыла ма; 7. техникалық шешімнің шын мәнінде алдыңғы белгілі нұсқаларымен салыстырғанда елеулі артықшылығы бар ма; 8. нәтиже нақты жағдайда тексерілген бе; 9. зерттеудің келесі кезеңіне байланысты мәселені шешуге кепілдік беретін автордың (команданың) идеясы бар ма; 10. автор(лар) ғылыми, әдебиеттерден немесе тек қана көпшілік әдебиеттен дәйексөз келтіреді ме.</p>
<p>3. Қолданылған зерттеу әдістерінің тиімділігі</p>	<p>жеке жұмыс үшін 15 ұпай , командалық жұмыс үшін 12 ұпай</p>	<p>Егер зерттеу жұмысының автор(лар)ы жұмыс барысында білімнің саласында мүлдем жаңа нәтижелер алуға мүмкіндік беретін қазіргі тиімді қондырғыларды немесе қазіргі теориялық әдістерді пайдаланса, жеке жұмыс үшін 10-15 ұпай, командалық жұмыс үшін 10-12 ұпай қойылады. 5-10 жеке және 5-10 командалық. Егер зерттеудің бұрынғы (ескірген) әдістерін пайдаланып, бірақ жаңа нәтиже шығарылса қойылады. Егер жұмыс реферативті сипатта болса, 5 ұпайға дейін қойылады.</p>

<p>4. Тақырыпты ашу дәрежесі (жете ашуы)</p>	<p>жеке жұмыс үшін 15 ұпай , командалық жұмыс үшін 12 ұпай</p>	<p>Бұл параметр үшін баға жекелеген өлшемдер бойынша бағалар негізінде қойылады :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. жұмыс жоспарланған деңгейге дейін жеткізілген бе; 2. шешілетін проблема қаншалықты толық қамтылған; 3. қорытынды жекелеген тәжірибеге негізделген бе, әлде қайталанған ма; 4. материал жұмыста қаншалықты айқын және нақты берілген; 5. автор(лар) мәселені шешудің басқа тәсілдерін біле ме; 6. автор(лар) зерттеліп отырған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттермен қаншалықты таныс <p>Әр өлшем бойынша жеке жұмысқа 2,5 ұпай, командалық жұмыс үшін 2 ұпай қойылады</p>
<p>5. Шеберлігі шешендік, ұсынылатын материалдың сапасы, айқындылығы</p>	<p>жеке жұмыс үшін 10 ұпай, командалық жұмыс үшін 10 ұпай</p>	<p>Бұл параметр үшін баға жекелеген өлшемдер бойынша бағаларды ескеріп қойылады :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. автор(лар) жұмысты қандай дәрежеде айқын және ұтымды баяндай алады (3 ұпай) ; 2. баяндамада жұмыс мазмұны қандай дәрежеде толық баяндалған (2 ұпай) ; 3. жұмыстың негізгі жерлерін қаншалықты баса көрсете алған (1 ұпай); 4. жұмыста қолданылған тәжірибелік мәліметтер қаншалықты нақты және айқын ұсынылған (1 ұпай); 5. жұмыс нәтижелері қаншалықты айқын және нақты көрсетілген (1 ұпай) ; 6. жұмыс нәтижелерін стенд қаншалықты жақсы ұғындырады (2 ұпай);
<p>6. Команда мүшелерінің үйлестіру деңгейі (тек командалық жұмыстар үшін)</p>	<p>Барлығы 16 ұпай</p>	<p>Бұл параметр үшін баға жекелеген өлшемдер бойынша бағалар негізінде қойылады :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. жалпы жұмыста әр қатысушының міндеттері қаншалықты айқын және нақты белгіленген (4 ұпай); 2. команданың әр мүшесі команданың барлық жұмысымен қаншалықты таныс (3 ұпай) ; 3. аяқталған жұмыс команда мүшелерінің күш-жігер үйлесімдігін қаншалықты көрсетті (3 ұпай); 4. команданың әр мүшесі жұмыс материалын қаншалықты жақсы баяндайды (3 ұпай); 5. берілген зерттеу жұмысын командамен орындаудың қажеттілігі қандай болды (3 ұпай) немесе бұл нәтижелерді жекелей алуға болатын ба еді (0 ұпай).

(Әрбір өлшем үшін қойылатын максималды ұпайлар көрсетілген)

Барлығы

100 ұпай

Жалпы

білім

беретін

пәндер

бойынша

ғылыми

жарыстар

өткізу ережесіне
3-қосымша

Тестілеуді өткізу үшін бейіндік пәндердің тізімі

№	Секциялар	Бейіндік пәндер бойынша тестілеу
	Физика	физика
	Техника	физика
	Жер және космос туралы ғылымдар	физика
	Математика	математика
	Қолданбалы математика	математика
	Информатика	информатика, математика
	Экономика	география, математика
	Биология	биология
	Химия	химия
	Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы	биология
	Тарих	тарих
	Құқық негізі	тарих, құқық негізі
	Өлкетану	география және тарих
	Әдебиет	әдебиет
	Этномәдениеттану	тарих және әдебиет
	Тіл білімі	қазақ, орыс, ағылшын, неміс тілдері

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 6687 бұйрығымен бекітілген

**Орындаушылардың республикалық конкурстарын
өткізуді ұйымдастыру туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Орындаушылардың республикалық конкурстарын өткізуді ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының»" Білім туралы" Заңына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында орындаушылардың республикалық конкурстарын ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді .

2. Орындаушылардың республикалық конкурстары (бұдан әрі -курс) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары оқушылары арасында (бұдан әрі- қатысушы) оқушылардың кәсіби даярлығын

арттыру, неғұрлым дарынды орындаушыларды анықтау, олардың шығармашылық өсуі және Қазақстанның музыкалық өнерін насихаттау мақсатында өткізіледі.

3. Конкурстардың негізгі міндеттері Қазақстан Республикасында музыкалық білім беруді дамыту мен қалыптастыру, орындаушыларды оқытудың жаңа тиімді әдістемелерін іріктеу және енгізу, білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің шығармашылық қызметін жетілдіру болып табылады.

4. Конкурстар»"Аспапта орындаушылық",»"Ән салу",»"Музыка теориясы" мамандықтары бойынша осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес мамандану бағыттары кезекпен ауысып өткізіледі.

2. Конкурстарға қатысушылар

5. Конкурстарға қатысуға орындайтын конкурстық бағдарлама дайындаған және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогикалық кеңесінің ұсынымын алған қатысушылар жіберіледі.

6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары конкурсқа қатысу үшін әрбір номинация бойынша 2-ден аспайтын қатысушыларды ұсына алады.

7. "Музыка теориясы" мамандығы бойынша өзге музыкалық мамандықтардың оқушылары конкурсқа қатысуға жіберілуі мүмкін.

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы концертмейстерді және бір алып баратын оқытушыны анықтайды және жолдайды.

9. Конкурсқа қатысуға өтініштерде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыру комитеті көрсеткен мерзімде мемлекеттік және орыс тілдерінде басылған түрде ғана осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес қ а б ы л д а н а д ы .

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) Туу туралы куәліктің (немесе жеке куәліктің көшірмесі);
- 2) 10x15 см көлемді бір фотосурет;
- 3) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің ұсынымы;
- 4) конкурсқа қатысушылардың турлар бойынша бағдарламасы.

3. Конкурстарды өткізу тәртібі

10. Конкурстар барлық мамандықтар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілетін Конкурстар бағдарламаларына сәйкес өткізіледі. Қатысушылардың өнер көрсету кезегі

ұйымдастыру комитеті 1 турдың алдында өткізетін жеребе бойынша анықталады және конкурс аяқталғанша сақталады.

11. "Аспапта орындаушылық", "Өн салу" мамандықтары бойынша әрбір тур мына параметрлер бойынша 25 балдық жүйе бойынша бағаланады:

музыкалық дарындылықтың айқындылығы - 5 балл;
орындау техникасы (тазалығы, сауаттылығы, айшықталуы) -5 балл;
шығарманы стильдік айшықтау - 5 балл;
ә р т і с т і г і - 5 б а л л ;
ж е к е - д а р а л ы ғ ы - 5 б а л л .

Екінші турге жиынтығында кемінде 18 балл алған қатысушылар жіберіледі.

Үшінші турге әрбір аспап (дауыс) бойынша жиынтығында кемінде 21 балл алған қатысушылар жіберіледі.

12. Қатысушылар ұсынған бағдарламаларды өзгертуге жол берілмейді. Барлық шығармалар жатқа орындалады. Әрбір шығарма бір рет қана орындалады

13. "Музыка теориясы" мамандығы бойынша конкурстар нысандары мен мазмұны әртүрлі 3 турда өткізіледі:

1) сольфеджио және гармония мамандандыруы бойынша конкурс:
2 тапсырмадан тұрады біреуі - сольфеджиодан, екіншісі - гармониядан.

Қатысушылар соңына дейін барлық турларға қатысады:

1 тур - ж а з б а ш а ж ү м ы с ;

2 тур - а у ы з ш а ж а у а п ;

3 тур-есту бойына талдау, және орындау.

Әр бір тапсырма 10 балдық бағалау жүйесі бойынша мына параметрлермен бағаланады :

Бірінші тур екі бөлімге бөлінеді:

сольфеджиодан диктант;

г а р м о н и я д а н е с е п .

Сольфеджиодан диктант мына параметрлерден тұрады:

диктантты сауатты әрі дұрыс жазу;

ж а з у у а қ ы т ы .

Диктантты жатқа сақтағаны бойынша қайталаған қатысушы қосымша балл а л а д ы .

Гармониядан есептер шығару мына параметрлермен бағаланады:

функционалды сауаттылық;

қы з ы қ т ы ф о н и з м н і ң ,

мү л т і к с і з д а у ы с м е ң г е р у .

Есепті 2 нұсқада шешкен қатысушы қосымша балл алады.

Екінші тур - парақтан оқу және секвенциядан тұрады.

Парақтан оқу мына параметрлермен белгілінеді:
мелодияны сауатты орындау;
мәнерліп ән салу.

Өзін-өзі сүйемелдеген қатысушы қосымша балл алады.

Секвенция мына параметрлермен анықталады:
сауатты орындау;
адым мен бағытты таңдау;
музыкалық сезімталдығы.

Ұсынылған 2 секвенцияның екіншісін орындаған қатысушы қосымша балл алады.

Үшінші тур екі бөлімнен тұрады: есту арқылы талдау және периодты ойнау.

Есту арқылы талдау мына параметрлермен бағаланады:
тональдық жоспарын есту арқылы анықтау;
музыкалық материалдың такт бойынша аккордтық мазмұнын анықтау.

Жатқа (алдын алу жазусыз) есту бойынша, талдау жасаған қатысушы қосымша балл алады.

Периодты ойнау мына параметрлермен бағаланады:

ойластырылған аккордтан тыс дыбыстарды қолдана отырып, дауыстың сауатты меңгерілуі (алдын ала берілген басталуын мен тональдық жоспар бойынша периодты ойнау-максималды балл - 5; берілген тональдық жоспар бойынша өздігінен периодты бастап ойнау - 4; алдын ала дайындалған периодты ойнау - 3);

стильдік біркелкілік. Периодтың жанрлық өңдеуін жасаған қатысушы қосымша балл алады.

2) "Музыкалық әдебиет" мамандандыруы бойынша конкурс 3 турдан тұрады:

концертке кіріспе сөз;
викторина;

коллоквиум және музыкалық тақырыптарды орындау.

Бірінші тур "Концертке кіріспе сөз" екі бөлімнен тұрады:

концертке кіріспе сөзді жазба ресімдеу (90 мин.);
қатысушылардың ауызша сөйлеуі (5-7 мин.).

Бірінші турдың бөлімдері 10 балдық жүйе бойынша бағаланады. Концертке кіріспе сөзді жазба ресімдеу мына параметрлермен бағаланады:

баяндаудың толықтығы;
баяндаудың логикасы;
баяндаудың стилі.

Ауызша сөйлеу мына параметрлермен бағаланады:

сөйлеу мәдениеті;
сөйлеу техникасы;

ә р т і с т і г і .

Екінші тур "Викторина" 20 нөмірден тұрады. Бір нөмірді тыңдау уақыты 1 минут, нөмірді ресімдеу - 1 минут.

Екінші тур 20 балдық жүйе бойынша мына параметрлермен бағаланады:
табылған нөмірлерінің саны;
жауаптың толықтығы (композитор, шығарма, әрекет, бөлім, тональдығы).

Үшінші тур "Коллоквиум және музыкалық тақырыптарды орындау" екі бөлімнен тұрады:

коллоквиум (әңгіме түрінде 10 сұраққа ауызша жауап беру);
музыкалық тақырыптарды орындау. Тізімде кемінде 100 нөмір болуы керек.

Қатысушы 10 тақырыпты орындауы керек.

Үшінші турдың әрбір бөлімі 10 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Коллоквиум мына параметрлермен өлшемденеді:
материалды толық білуі;
сөйлеу мәдениеті.

Музыкалық тақырыптарды орындау келесі параметрлермен бағаланады:
орындау сапасы (орындаудың дұрыстығы, сауаттылығы);
орындаудың музыкалық сезімталдығы.

«"Музыка теориясы" мамандығы бойынша конкурстық тапсырмалар бойынша максималдық баллдың қосындысы 60-қа тең.

4. Конкурстардың қорытындыларын шығару

14. "Аспапта орындаушылық" мамандығы бойынша конкурстарға қатысушыларға тиісті балдар жинағанда мынадай орындар беріледі:

- 1 орын және лауреат атағы - кемінде 24 балл;
- 2 орын және лауреат атағы - кемінде 22 балл;
- 3 орын және лауреат атағы - кемінде 20 балл.

Кемінде 18 балл алған конкурстарға қатысушыларға дипломант атағы беріледі.

15. "Музыка теориясы" мамандығы бойынша конкурстарға қатысушыларға мыналар беріледі:

- 1 орын және лауреат атағы - кемінде 55 балл;
- 2 орын және лауреат атағы - кемінде 50 балл;
- 3 орын және лауреат атағы - кемінде 45 балл.

Дипломант атағы кемінде 40 балл жинаған қатысушыларға беріледі.

16. Барлық лауреаттар конкурс аяқталған соң, ұйымдастыру комитеті ұйымдастыратын қорытынды концертке өз ықтиярымен қатысады.

5. Конкурстардың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы

17. Конкурстардың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

18. Ұйымдастыру комитеті конкурстың материалдарын дайындайды және оларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министріне бекітуге ұсынады.

19. Қазылар алқасы қатысушылардың конкурстың өнер көрсетулерін бағалайды, конкурстық тапсырмалар аяқталған соң нәтижелерді хабарлайды. Қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады және қайта қаралмайды.

20. Қазылар алқасының мүшесі қазіргі уақытта өзі оқытып жүрген қатысушылардың кандидатурасы бойынша дауыс беруге және талқылауға қатыспайды. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

21. Қазылар алқасы конкурсқа қатысушылардың шеберлігіне баға береді, оларға бірінші, екінші және үшінші орын береді, оларды дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапаттайды. Қазылар алқасы барлық орындарды бермеуге құқығы бар.

Орындаушылардың республикалық конкурстарын өткізуді ұйымдастыру туралы ережеге 1-қосымша

ӨТІНІШ

Мамандық _____

Мамандану _____

Қатысушының аты-жөні _____

Жынысы _____

Туған жері мен күні _____

Оқу орнының аты, курс _____

Мұғалімнің аты-жөні _____

Концертмейстердің аты-жөні _____

Алып жүретін адамның аты-жөні _____

Мекен-жайы _____

Телефон нөмірі, факс _____

Код _____

Өтінішті толтырған күні _____

Қолы _____

Оқу орны басшының аты-жөні _____

МО Қолы

Ескерту: "Менің репертуарым" (1,2,3- кезең)

Орындаушылардың республикалық
конкурстарын өткізуді ұйымдастыру
туралы ережеге 2-қосымша

Орындаушылар конкурсының мамандану бағыттарының кезектесуі

конкурсты 1-ші жылы	өткізудің	конкурсты 2-ші жылы	өткізудің
"Аспапта орындаушылық": 1) үрлемелі ағаш аспаптар (флейта, гобой, кларнет, фагот, саксофон-альт, саксофон-тенор); 2) үрлемелі мыс аспаптар (валторна, труба, тромбон, туба), урмалы аспаптар; 3) қазақ халық аспаптары (домбыра, шертер, қобыз, кыл-қобыз); 4) орыс халық аспаптары (баян, аккордеон, гитара, домра-прима, домра-бас).		"Аспапта орындаушылық": 1) фортепиано; 2) скрипка, альт, виолончель, контрабас. "Ән салу" дауыс бойынша: 1) сопрано; 2) меццо сопрано; 3) тенор; 4) баритон; 5) бас. "Теориялық музыка" кезекпен ауысып: 1) музыкалық әдебиет (бірінші жылы); 2) гармония және сольфеджио (екінші жылы).	

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң

2007 жылғы» 28

желтоқсандағы

№ 668 бұйрығымен бекітілген

Республикалық кәсіби шеберлік конкурстарын өткізуді ұйымдастыру ережесі 1. Жалпы ереже

1. Осы ереже техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында техникалық және қызмет көрсету еңбегі кәсіптері мен мамандықтары бойынша республикалық кәсіби шеберлік конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізуді ұйымдастырудың тәртібін анықтайды.

2. Конкурстың негізгі мақсаттары мен міндеттері кадрларды кәсіби даярлау сапасын, техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандықтарының (кәсіптерінің) беделін арттыру, республикадағы кәсіптік білім беру және кадрлар даярлау жүйесін насихаттау, дарынды білім алушыларды табу және қолдау көрсету болып табылады.

2. Конкурса қатысушылар

3. Республикалық конкурса техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім ұйымдарын бітіруші курс оқушылары қатысады.

Конкурстың қорытынды турына облыстық, Астана, Алматы қалалық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары қатысады.

3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу

4. Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Бірінші турдың ұйымдастыру комитетінің құрамы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының басшысы, мен екінші турды облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерінің директорымен, үшінші турды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрығымен бекітеді.

5. Ұйымдастыру комитеті:

- 1) конкурсты дайындауды және өткізуді;
- 2) конкурстық тапсырмаларды әзірлеуді және дайындауды;
- 3) конкурсты өткізуге арналған үй-жайды және жұмыс орындарын дайындауды;
- 4) конкурс барысында анықталған еңбектің алдыңғы қатарлы әдістері мен әдістемелерін бағалауды, тандауды, жалпылауды қамтамасыз етеді.

6. Конкурс мынадай турлардан тұрады:

- 1) конкурстың бірінші туры техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары өткізеді;
- 2) конкурстың екінші туры облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерімен осы ережеге сәйкес өткізіледі;
- 3) конкурстың қорытынды үшінші туры Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) өткізеді.

7. Конкурсты өткізу уақыты мен орнын конкурсты ұйымдастырушылар белгілейді.

8. Республикалық конкурс өткізілетін кәсіптер (мамандықтар) немесе кәсіптердің тобы министрліктің бұйрығымен белгіленеді.

9. Облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттері Министрлікке конкурстың облыстық тур жеңімпаздарының мынадай құжаттарын :

- 1) қазылар алқасының шешімінен көшірме;
- 2) мінездеме - ұсыным;
- 3) 3x4 см. көлеміндегі, 24x30 см. көлеміндегі 3 түрлі-түсті фотосурет тапсырады.

4. Конкурстың бағдарламасы

10. Конкурстың бағдарламасына 7 конкурстық тапсырма кіреді:

1) "Таныстыру" конкурса қатысушының өзін-өзі таныстыруы (5 минут) 5 балдық жүйе бойынша бағаланады;

2) "Тестілеу" - жалпы техникалық және арнайы пәндер бойынша білімі - (45 минут). 20 балдық жүйе бойынша бағаланады;

3) "Кәсіби шеберлік" - тапсырманы орындау барысында жоғары кәсіби шеберлігін көрсете білуі (20 минут). 30 балдық жүйе бойынша бағаланады;

4) "Компьютерлік сауаттылық" - компьютерлік сауаттылықты меңгеруі бойынша тапсырмалар орындау (10 минут). 10 балдық жүйе бойынша бағаланады ;

5) "Спорттық шеберлік" - спорттық жарыстар (30 минут) 15 балдық жүйе бойынша бағаланады ;

6) "Қалыпты емес жағдай" - конкурса қатысушының жұмыс іздеу, жұмысқа орналасу жөніндегі және кәсіптік тапсырмаларды шешіп, өз бетінше шешім қабылдай білуіне, анықтауға мүмкіндік беретін психологиялық ойын жағдайы (7 минут). 10 балдық жүйе бойынша бағаланады;

7) "Он саусағынан өнер тамған" - конкурса қатысушының авторлық шығармашылығы, шығармашылық шешімінің бірегейлігі, орындау мәдениеті (7 минут). 10 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5. Конкурстың қазылар алқасы және жеңімпаздарды марапаттау

11. Жыл сайын бірінші турдың қазылар алқасының құрамы техникалық және кәсіптік білім ұйымының басшысымен, екінші турдың қазылар алқасының құрамымен облыстық, Астана және Алматы қалалық департаменті директоры, үшінші турдың қазылар алқасының құрамы Министрліктің бұйрығымен бекітеді.

12. Қазылар алқасы конкурстың әр қатысушының жұмысын мынадай бағалау өлшемдері :

- 1) нақты кәсіп пен мамандық бойынша кәсіптік және оқыту бағдарламалары

- шеңберінде жалпы техникалық және арнайы пәндердің мазмұнын білуі;
- 2) кәсіптік даярлау дағдылары мен білгендерін практикада қолдануы;
 - 3) біліктілік, шығармашылық бастамашылық және ойлауының бірегейлігі;
 - 4) шығармашылық қабілеттілігі;
 - 5) спортпен шұғылдануы бойынша бағалайды.

13. Қазылар алқасы конкурстың номинацияларын белгілейді, республикалық конкурстың жеңімпаздарын анықтайды, "Бас жүлдені" бірінші, екінші және үшінші орындарды береді және оларды дипломдармен, бағалы сыйлықтармен (аудио-бейне-теле аппараттар) марапаттайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 0 7 ж ыл ғ ы » 2 8 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 668 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі күші жойылған бірнеше бұйрықтарының тізбесі

1.»"Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жарыстарын өткізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 901-ші бұйрығы (N 3265 2004 жылғы 13 желтоқсанда Әділет министрлігінде тіркелген);

2.»"Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды өткізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 903-ші бұйрығы (N 3266-шы 2004 жылғы 13 желтоқсанда Әділет министрлігінде тіркелген);

3.»"Республикалық орындаушылар конкурстарын өткізуді ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 920-шы бұйрығы (N 3251-ші 2004 жылғы 9 желтоқсанда Әділет министрлігінде тіркелген);

4.»"Кәсіби шеберлердің республикалық конкурстарын өткізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 17 қарашадағы N 933-ші бұйрығы (N 3257-ші 2004 жылғы 9 желтоқсанда Әділет министрлігінде тіркелген).